

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Мухамедиева Г.А.

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№95 мектеп гимназиясы, Қарағанды қ., Қазақстан*

XX ғасырдың аяғы - XXI ғасырдың басында қалыптасқан экономикалық, саяси, әлеуметтік сипаттағы өзгерістер мемлекет пен қоғам тарапынан тарихи-мәдени мұраға қатысты өзгерістерді туғызды. Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының басты бағыттарының бірі тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау, елдің тарихи және мәдени мұрасының сақталуын заңдық қамтамасыз етуді қалыптастыру болып табылады.

Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау және пайдалану проблемасын шешу мұраның ғылыми және мәдени құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы саясатын одан әрі қалыптастыру стратегиясын айқындау үшін жеткілікті дәрежеде өзектілікке және практикалық мәнге ие.

Қазіргі уақытта мұра объектілерін сақтау және пайдалану мәселелерін мемлекеттік реттеу проблемасы Қазақстан Республикасының басым міндеттерінің бірі деп танылды. Жыл сайын ол өзекті бола түсуде, бұл көптеген материалдық және рухани мұра ескерткіштерінің жойылу қаупінің артуына байланысты орын алып отыр. Бірқатар экологиялық және антропогендік факторлар қоршаған табиғи және мәдени ортаның жай-күйіне теріс әсер етеді, оның маңызды бөлігі тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылады.

Осыны басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі Біріккен Ұлттар Ұйымының «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра туралы» Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Конвенциясына қосылғаннан кейін мәдени мұраны қорғау, сақтау, көпшілікке тарату және қалпына келтіру саласындағы ғылыми және техникалық әзірлемелерді және зерттеулерді дамыту, оның сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдау міндеттемесін өзіне алды [1].

Үкімет өз тарапынан тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын түсіне отырып, оны зерделеу, сақтау және танымал ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды тұрақты негізде әзірлейді. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бастамасымен 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын атауға болады, бұл бағдарламаны іске асыру кезең-кезеңімен жүргізілді: 2004 жылдан 2006 жылға дейін, 2007 жылдан 2008 жылға дейін, 2009 жылдан 2011 жылға дейін бұл бағдарлама мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды: тарих және археология ескерткіштерін жүйелеу, сақтау және қалпына келтіру.

2017 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар нақты жобалар тұжырымдалған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жария етті. Бұл жобалар жаһанданудың барлық заманауи тәуекелдері мен сын-қатерлерін ескере отырып, қазақстандықтардың рухани құндылықтарының жандануына бағытталған «Рухани Жаңғыру» бағдарламасына біріктірілді. Ол патриотизмді дамытуға («Туған жер»), тарихымыздың, мәдениетіміз бен дәстүріміздің байлығын зерделеуге («киелі география»), мәдени жетістіктерді танымал етуге («Қазіргі қазақстандық мәдениет») бағытталған жобаларды қамтиды. Бұдан басқа, Бағдарлама шеңберінде аударылған кітаптар мен олардың авторлары туралы ақпаратты қамтитын «100 жетекші оқулық» жобасы және еліміздің қалыптасуы мен дамуына қатысатын Қазақстан азаматтары туралы «100 жаңа есім» жобасы іске асырылуда [1].

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы Қазақстан Республикасының аумағындағы киелі ескерткіштерді терең ғылыми зерттеу мен жүйелеудің негізін қалады. Киелі объектілер деп табиғи және тарихи-мәдени мұра, зайырлы және діни сәулет

ескерткіштері, кесенелер және т.б. жатады. Қазіргі уақытта 648 нысан «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында республиканың киелі картасына енгізілген.

Халыққа білім беру, ғылым мен мәдениет тек Қазақстан егемендік пен тәуелсіздік алғаннан кейін ғана өзін-өзі дамыту үшін ауқымды кеңістікке шығып, идеологиялық қасаң қағидалардан еркіндік алды. Осы идеологиялық тиымнан арылып, өзінің ұлттық құндылықтарын қайта жаңғыртып, тарихи мұраны, ұлттың игілігіне қайтаруға алғышарт жасап, жүзеге асыруда «Мәдени мұра» бағдарламасының маңызы өте жоғары болды.

Қазақстан тәуелсіздік алуымен байланысты мәдениеттің халықаралық байланысы да кеңейді. Білімді мамандарды көбейту мақсатында жастарды шетелдердің беделді оқу орындарына жіберу өзекті сипат ала бастады. 1993 жылғы 5 қарашада Президенттің «Болашақ атты 250 халықаралық стипендиясы белгіленді. Қазақстан халықтарының мәдениетін бүкіл әлемге таныту мақсатында ЮНЕСКО ауқымында Қазақстан Республикасының мерекелері аталып өтуде. 1997 жылы ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болса, 1930-1932 жылдардағы ұлы қасіреттің 65 жылдығы және сталиндік қуғын-сүргінге түскен ұлттық зиялылар қасіретінің 60 жылдығы атап өтілді. 1997 жылы 13 желтоқсанда Ақмолада саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық кешен ашылды. 1998 жыл-халық білігі мен ұлттық тарих жылы. Бұл жылы 23 ірі ғылыми форумдар өткізілді [2, 4-5].

Республиканың барлық облыстарына 24 ғылыми экспедициялар аттандырылып, 74 ауданды аралады. Тараз қаласына таяу жерде архитектуралық ғимарат-Ақыртас кешені ашылып зерттелді. Мантуя (Италия) қаласында «Алтын адам Қазақстан далалары қола дәуірінен халықтардың ұлы қоныс аударуына дейін» атты көрме өткізілді.

1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы болып табылады. Осыған орай атқарылған жұмыстар: 6 томдық «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» І-ші томы, М.Шоқай шығармаларының екі томдығы шықты. Қытай мұрағаттары негізінде Қазақ тарихына арналған 5 кітап жарық көрді. «Алпамыс батыр» жырының 100 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция өтті.

М. Хайдар Дулатидің 500 жылдығына арналған мерейтой өткізіліп, «Тарих-и-Рашиди» еңбегі қазақ тілінде шығарылды. Сонымен қатар бұл жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары жалғасты. Нәтижесінде 19.144 адам толықтай ақталды [1, 6].

2000 жыл - мәдениетті қолдау жылы. 2001 жылы 18 маусымда Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Астанаға әкелінді. 2001 жылы 5 маусымда Қазақстанда Ресей Федерациясы мәдениетінің күндері басталды. 2003 жылы Астанада дүниежүзілік және дәстүрлі діндер лидерлердің съезі болып өтті. 1999 жылы Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегі жарыққа шықты. Бұл еңбектің «Тарихтың шеңберлі және ұлттық зерде» бөлімінде ел тарихын автор 12 кезеңге бөледі. Еңбектің маңызы: Тарих қойнауын зерделей отырып ұлттық қасиетті сақтауға тәрбиелеу қажеттігі баса айтылды [2, 15].

Қазіргі заманғы Қазақстандағы мемлекет пен мәдениеттің жемісті байланысының мысалы деп «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын заңды түрде есептеуге болады. «Мәдени мұра» бағдарламасының алғашқы кезеңі 2004-2006 жылдарға арналды.

Бұл бағдарлама елдің мәдени мұрасын зерделеумен, сақтаумен, пайдаланумен және насихаттаумен, тарихи-мәдени дәстүрлердің дамуы және қайта түлеуінің сабақтастығымен байланысты негізгі қырларын айқындайды, мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, фольклорды, дәстүрлер мен ғұрыптарды зерделеудің тұтас жүйесін жасау, ұлттық әдебиет пен жазудың көп ғасырлық тәжірибесін қорытындылау жөніндегі, кең өрісті көркем және ғылыми сериялар жасау, сондай-ақ тарих пен мәдениет жәдігерлерін қалпына келтіру, консервациялау, мұражайға орналастыру, мәдени мұраны ғылыми-зерттеу, материалдық-техникалық құрамдас бөлігін құрайтын мәселелерін нығайту және дамыту жөніндегі шараларды қарастырады.

XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысынан бастап, Қазақстанда философия, тарих, заң ілімі т.б. саласындағы әлемдік ғылыми ой-пікірдің тандаулы еңбектерін,

сондай-ақ көркем әдебиетті қазақ тілді аудитория үшін басып шығару проблемасы өткір қойылды. Осыған байланысты жеткіншек ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу және тарихи, мәдени мұраны толымды түрде зерделеудегі олқылықтардың орнын толтыру, сондай-ақ қазақ халқының сан ғасырлық рухани тәжірибесін қорытындылау мақсатында мемлекеттік тілде кең өрісті тарихи, мәдени, ғылыми сериялар жасау мәселелері ерекше көкейкесті мәселелерге айналды. Жоғарыда аталған проблемалардың осы бағдарлама шеңберіндегі кешенді шешімі Қазақстан халқының мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және көпшілікке тарату жүйесін одан әрі дамытуға жәрдемдесуге тиіс болды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің «Мәдени мұраның» 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығын және «Мәдени мұраның» 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары туралы» қаулысын іске асыру шеңберінде 2004-2007 жылдары «Әлемдік тарихи ой-пікір» кітаптарының қазақ тіліндегі 10 томдық сериясы басылып шықты. Осы серияны басып шығаруға дайындау жұмысына Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкерлері ғана емес, сонымен бірге республиканың жоғары оқу орындарының оқытушылары, белгілі аудармашылар мен редакторлар да қатысты. Қазақстан тарихы мен мәдениетінің бірегей жәдігері - Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесі 2003 жылғы маусымда ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұрасының тізіміне енгізілді.

Қазақстанда «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы», «Мәдениет туралы», «Ұлттық мұрағат қоры мен мұражайлар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданып, қолданысқа енді. Сонымен бірге мәдени мұраны сақтау мен дамыту саласындағы қалыптасқан жағдай осы бағыттағы қызметті одан әрі дамытып, жандандыру жөніндегі кешенді шұғыл іс-шаралар қолдануды талап етеді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың мәдени мұраны қазіргі күнмен байланысты оның нақ осы қазіргі заманның пішінінде көре білуі «Мәдени мұра» бағдарламасын дамытудың жаңа келешегін ашты [1, 3].

Қазақстанда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижелерінің бұрын-соңды болып көрмеген тарихи мәні бар. ХХІ ғасырдың бірізділік үрдістерімен сипатталатын және этникалық өзіндік бітім мен айрықшалықтың жойылуы қатерін төндіріп отырған бой көрсетулері алдында олар ұлттық мәдениет пен руханиятты сақтау жолдарын әзірлеп, пысықтауға тиіс. Сонымен бір мезгілде қазақстандық мемлекет пен қоғамның мәдени игілікті сақтап, молайту жөніндегі қамқорлығы жаһандану жағдайына бейімделудің өзіндік қалыптағы үлгісі болып табылады.

«Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобаның шежірелік қорытындысы мен нәтижесі.

2006 жылы «Мәдени мұраның» 2004 - 2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аяқталды. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында тарих пен мәдениеттің жаңа жәдігерлерін ашу, ұлттық мәдениет үшін ерекше мәні бар елеулі тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіріп түлету; мәдени мұраның, соның ішінде фольклордың, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қалың қатпарын зерделеудің тұтас жүйесін жасау; ұлттық әдебиеттегі жазудың көп ғасырлық тәжірибесін қорытындылау, әлемдік ғылыми ой-пікірді, мәдениет пен әдебиеттің таңдаулы жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің қазақ тіліндегі толымды қорын жасау жөніндегі кешенді шаралар қамтамасыз етілді.

Бағдарламаны іске асырудың алғашқы кезеңінде тарих пен мәдениеттің отыз бес жәдігерін қалпына келтіру жұмыстары аяқталды, соның ішінде:

- 2004 жылы 12 нысанды;
- 2005 жылы 13 нысанды;
- 2006 жылы 10 нысанды қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

Қазақстан аумағындағы отыз көне қаланың орнына, қонысқа, тұраққа, қорым мен қорғанға кең ауқымды археологиялық зерттеулер жүргізілді, соның ішінде:

- 2004 жылы 20 көне қала орнында;
- 2005 жылы 30 көне қала орнында археологиялық қазбалар жүргізілді;
- 2006 жылы тағы да 30 көне қала орнында археологиялық қазбалар жалғастырылды.

Қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи мәні бар қолжазбаларды, сирек кездесетін басылымдарды, кітаптар мен мұрағат құжаттарын анықтау және алу үшін Ресейдің, Қытайдың, Батыс Еуропа елдерінің мұражайлары мен кітапханаларына ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды.

Ұлттық мәдениет үшін ерекше мәні бар бірегей тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерге қолданбалы ғылыми-зерттеулер, сондай-ақ ауызша кәсіби дәстүрдегі аса көрнекті музыкант-орындаушылардың еліміздің қорларындағы, мұражайлары мен қоймаларындағы дыбыстық жазбаларын қалпына келтіріп, қазіргі заманғы аудио- тасығыштарға көшіру жұмыстар жүргізілді, соның ішінде:

- 2004 жылы - 10 қолданбалы ғылыми зерттеу;
- 2005 жылы - 10 қолданбалы ғылыми зерттеу;
- 2006 жылы - 7 қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізілді.

Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-пікір, мәдениет пен әдебиет басылымдарының серияларын әзірлеу жөнінде жүйелі жұмыс жүзеге асырылды. Екі жүз он сегіз атаулы кітап басып шығарылды, солардың қатарында «Бабалар сөзі», «Қазақтардың ежелгі құқығы», «Қазақ музыкасының антологиясы», «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі», «Орфографиялық сөздік» басып шығарылды.

- 2004 жылы - 29 ғылыми кітап атауы;
- 2005 жылы - 89 ғылыми кітап атауы;
- 2006 жылы - 100 ғылыми кітап атауы жарық көрді.

Рухани және оқу-білім саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін «Мәдени мұра» ауқымды жобасында тарих ғылымының теориялық проблемаларын әзірлеу және ұлттық мәдениет пен жазудың таңдаулы үлгілерін, түрлі тілдердегі әлемдік ой-пікірдің, мәдениет пен әдебиеттің жетістіктері қамтылды. Сондықтан «Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы» - «Әлемдік тарихи ақыл-ой» (бүгінгі күнге дейін 14 томы шықты), 20 томдық «Шетелдік деректердегі Қазақстан тарихы» (бүгінгі күнге дейін 12 томы шықты), «Қазақстан тарихы туралы орыс деректемелері» (бүгінгі күнге дейін 10 томы шықты), 2 томдық «Қазақстан тарихы туралы көне заман деректері» кітаптары серияларының басылып шығуы өте дер кезінде жарық көрген басылым болды. Аталмыш жобалар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қамқорлығымен жарық көрді. Негізінен республикада да және одан сырт жерлерде де сериялардың басшылары және шығармашылық ұжымдардың мүшелері белгілі тарихшы-ғалымдар болып табылады. Сонымен қатар бұл жобаларды іске асыру үрдісі түрлі салалардағы мамандарды: тарихшыларды, философтарды, филологтарды, саясаттанушыларды, әлеуметтанушыларды т.б. ұйыстыруға мүмкіндік берді [3, 52 б].

Сонымен бірге практика көрсеткеніндей, кең ауқымды бағдарламаны соншалықты қысқа уақыт ішінде іске асыру мүмкін емес сияқты болып көрінеді. Қазақстанның ұлттық тарихы үшін зор маңызы бар көптеген тарихи, археологиялық және архитектуралық нысандар осы кезге дейін шұғыл көмекке мұқтаж болып отыр. Олардың арасында Бесшатыр, Есік, Берел және Шілікті қорғандары сияқты бірегей тарих және мәдениет жәдігерлері бар.

2006 жылы 132 кітап атауы басылып шықты, оның ішінде: «Бабалар сөзі» сериясының 15 томы, «Қазақ әдебиетінің тарихы» сериясының 10 томы, академик С.А. Қасқабасовтың басшылығымен «Қазақ музыкасының антологиясы» сериясының 5 томы, «Әлем әдебиеті кітапханасы» сериясының 34 томы, сонымен қатар «Әлемдік

философиялық мұра» сериясының 11 томы, «Әлемдік мәдени ой-пікір» сериясы мен «Қазақтардың ежелгі құқығы» сериясы 5 том болып жарық көрді [4, 22-23].

Сонымен қатар Қазақстанның тарихымен тікелей байланысты шалғайдағы және таяу шет елдердегі тарих пен мәдениет жәдігерлерін зерделеу және қайта түлету, Монғолия мен басқа елдердің аумағынан табылған руналық жазулары бар көне түркілік балбал тастардың көшірмелерін қалпына келтіру жөнінде тұңғыш рет алғашқы қадамдар жасалады. Қазақ халқының мәдени мұрасын, соның ішінде ұлт мәдениеті үшін ерекше мәні бар тарихи-мәдени, архитектуралық және археологиялық жәдігерлерді зерделеу жөніндегі кең ауқымды қолданбалы ғылыми-зерттеулер көзделіп отыр. Ұлттық әдебиет пен жазудың көп ғасырлық тәжірибесін қорытындылауға, Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті жөніндегі көп сериялы басылымдар шығаруға қатысты мәселелер де өзінің жалғасын табуды талап етуде.

Мәдени мұраны иелену - халықтың тарихи зердесінің негізі, онсыз өз кезегінде, шынайы патриотизм болмайды. Бұл жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу үшін ерекше маңызды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жоғарыда айтылған проблемаларды кешенді түрде шешу Қазақстан халқының мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және көпшілікке тарату жүйесін одан әрі дамытуға жәрдемдесе береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы // Қазақ тарихы. – 1998. – № 3. – 9 б.

2 Қазіргі Қазақстан тарихы: хрестоматия // ҚР БҒМ, Мемлекет тарихы ин-ты; құраст.: Т.С. Каленова, А.Т. Серубаева, Ж.С. Абдраманов. - Алматы: Раритет, 2010. - 559 б.

3 Аяған Б.Ғ. Қазіргі Қазақстан тарихы: жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық // Б.Ғ. Аяған, Х.М. Әбжанов, Д.А. Махат; ҚР Білім және ғылым министрлігі Мемлекет тарихы ин-ты. - Б.м.: Раритет, 2010. – 429 б.

4 Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері: №1 ғылыми бюллетень. Актуальные проблемы изучения истории независимого Казахстана: науч. бюллетень №1 // бас ред. Б.Аяған. - Астана: Мемлекет тарихы ин-ты, 2008. - 208 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Муканова Ж.А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қаныш Сәтпаев атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі, Қазақстан

Өз ғұмырында қазақ деген халықтың ұмыт болған, көңілінен жырақтай бастаған асыл қасиеттерін-салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін қайта тірілтуге бар үміт-жігерін, ақыл-парасатын жұмсаған сирек тұлғалардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол жақсы мен жаманды, адамдық пен надандықты айнадай бірден байқап, жақсылық үшін, келешек үшін аянбай күрескен ер мінезді тұлға. Бүгінгі мақалада Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларына талдау жасау арқылы оның тәрбие мәселесіне қатысты ой пікірлерін тұжырымдауды мақсат тұттық.

А.Байтұрсынов адам жанының айнасы сөз болғандықтан, рухани байлыққа қол жеткізудің бірден бір жолы ғылым білімді игеру арқылы ғана жүзеге асырылатынын жастарға өсиет етеді. Ғылым білімді игерудегі ұлттық тәрбиенің басты міндеті дені сау азаматты тәрбиелеу деген тұжырымды жасайды.

Қазақ елінің азаттық қозғалысы тарихында Байтұрсынов редакторлық жасаған «Қазақ» газетінің алатын орны ерекше. Осы тарихи кезеңдегі қазақ өмірінің бірде – бір өзекті мәселесі, елеулі оқиғасы бұл басылымның назарынан тыс қалған жоқ. Сөз өнері